

Тексерілді: 
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Келісілді: 
Менгеруші: Курманова Л.Б.

«Ұлттық ойындар»

Тәрбиелік іс-шара

Ортаңғы «Қуыршақ» тобы

Тәрбиеші: Нұрмухан Б.Ө.

Наурыз, 2023ж

Тақырыбы: « Ұлттық ойындар»

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.

Көрнекілігі: арқан, үстел, ағаш аттар,

Ауылдан Қасым ата қарсы алады.

Балалар атамен амандасады.

-Балалар сендер қайдан келе жатырсындар?

Балалар балабақшадан келе жатырғандарын айтады.

-Балалар сендер қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер ме?

Балалар Қасым атаға назар аударып отырады.

Қазақтың ұлттық ойындары бірнеше түрге бөлінеді. Олар: Аңға байланысты, малға байланысты, заттармен ойналатын ойындар.

Ата: Олай болса, сендердің ұлттық ойындарыңды тамашалайын.

Ата: Ал, балалар онда сендермен

1.«Қыз қуу» ойынын ойнайықшы.

Ойынның мақсаты:

Ойыды ойнату арқылы қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру, қыз баланы құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Шалшаңдыққа баулу.

Шарты: Атпен қызды қуып жету. Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды атпен қуады.

Балш қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.

Балалар «Қыз қуу» ойынын ойнайды.

2. Ал, енді «Арқан тартыс» ойынын ойнайықшы.

Шарты: Екі топқа бөлініп арқан тартады.

Балалар «Арқан тартыс» ойынын ойнайды.

3.«Қол күрес»

Ойынның мақсаты: Жылдамдық – күш сапасын мақсатты дамыту. Балаларды құрбыларының қимылдарын бағалауға үйрету.

Ойынның шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айкастыра қолдарын жымдастыра тік ұстайды, қолының күші көп ойыншы қарсыласының қолын жерге тигізуі керек.

4.Тенге алу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбық мінеді.

Ойынды бастаушы жүргізеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай шұңқыр қазылады. Шұңқырға 10-10 тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады да, сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып шаба жөнелді. Сол беттерімен алгі шұңқырға жетіп, қол сұғып жібереді да тасты іліп алып, әрі өтіп кетеді. Шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарап есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

5. Ұлттық ойын: «Хан талапай»

Ойынның мақсаты: Балаларды асықпен таныстыру, қазақтың өте ежелгі ұлттық ойыны екендігі жайында әңгімелеу, балаларды санай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Ойынға 4-5 бала қатыстырылады. Балалар шеңбер жасап отырады. «Хан-талапай» -деп

ортаға асықтар шашылады. Балалар жапа-тармағай асықтықтарды тақияға жинай бастайды. Кезектен балалардың жинаған асықтары саналады. Кім көп асық жинаса, сол бала жеңімпаз болады.

Асық ату

Аумағы 2-3 қаламнан тұратын шенбер сызылады. Ортасына әр ойыншы келісім бойынша екі-үш асықтан тігелі. Сақасын иіру арқылы кезек алған ойыншылар 5-7 қадамдай жерде тұрып, тігілген асықтарды сақамен ата бастайды. Ойыншы сызықтың сыртына шыққан асықты ғана алады. Егер ойыншы бірдей-бір рет асықты шенбермен шығара алмаса, ойыннан шығады. Ойыншылардың бәрінің кезегі біткенде ойын қайта жалғасады

Топқа келіп отырамыз.

Жетекші-жөндеуші

-Балалар бүгін қайда бардық?

Балалар ауылға барғандарын айтады.

-Ауылда не істедік?

Балалар ауылда ойнағандарын айтады.

-Қандай ойындар ойнадық?

